BOMANN®

CB 967

Аккумуляторлық шаңсорғыш



Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы нұсқаулар

Аспапты пайдалануға беру алдында ұсынылған пайдалануға беру жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны сенімді жерге кепілдік талонымен, кассалық чекпен және мүмкіндігінше қаптама материалы бар картон қораппен бірге сақтаңыз. Егер аспапты пайдалану үшін басқа адамға беретін болсаңыз, онда пайдалануға беру жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде қоса беріңіз.

- Аспапты жеке түрде және өз мақсаты бойынша пайдалаңыз. Аспап коммерциялық пайдалануға арналмаған. Аспапты ашық аспан астында қолданбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, ылғалдан (оны ешбір жағдайда суға салмаңыз) және үшкір бұрыштарға соғудан сақтаңыз. Аспапты су қолмен ұстамаңыз. Егер аспапқа су тиген немесе дымқылданған жағдай болса, дереу ашаны розеткадан шығарыңыз.
- Аспапты пайдаланғанан кейін, жабдықтарын монтаждаудан, тазалаудан кейін немесе аспап сынған болса әрқашан ашаны розеткадан шығарыңыз (кабельден емес, ашасынан тартыңыз).
- Қосулы электр аспаптарын қараусыз тастап кетпеңіз. Үй-жайдан шыққан кезде үнемі аспапты өшіріп кетіңіз. Штекерді розеткадан шығарыңыз.
- Аспап пен кабельді ақаулықтар болу ықтималдылығына қатысты мезгілімен қарап отырыңыз. Ешбір жағдайда ақаулығы бар аспапты қоспаңыз.
- Ешбір жағдайда аспапты өздігіңізден жөндемеңіз, жөндеу қажет болған жағдайда тиісті рұқсаты бар маманға көмекке жүгініңіз. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында, желілік бауды тең мәнді бауға ауыстыру өндіруші зауыт, біздің сервистік шеберхана немесе тиісті білікті маман арқылы ауыстырылуы керек.
- Түпнұсқалық бөлшектерді ғана пайдаланыңыз.
- Төмендегі "Қауіпсіздік техникасына қатысты арнайы нұсқауларды" сақтауды сұраймыз.

Балалар мен қарауға мұқтаж тұлғалар

- Балаларға деген қауіпсіздік мақсатында орамды (пластикалық қаптарды, картонды, пенопластты ж.т.б.) қараусыз қалдырып кетпеңіз.

ЕСКЕРТУ!
Балаларға полиэтилен үлдірмен ойнауға рұқсат етпеңіз. **Тұншығу қаупі бар!**

Балаларды және күтім мен қарауға мұқтаж басқа адамдарды электр тогымен зақымданудан қорғау үшін, аспап қараусыз қосылмауын тексеріп отырыңыз. Бұл аспап ойыншық емес. Оған балаларды жібермеңіз.

Осы пайдаланушының басшылығында қолданылатын таңбалар

Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуге арналған маңызды ұсыныстар ерекше түрде белгіленген. Жазатайым жағдайды немесе бұйымның бұзылуын болдырмау үшін осы ұсыныстарды міндетті түрде орындаңыз

ЕСКЕРТУ:
Сіздің денсаулығыңызға деген қауіптілікті ескертеді және ықтимал жарақат көздерін көрсетеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:
Бұйымға және басқа да қоршаған заттар үшін ықтимал қауіптілікті көрсетеді.

ЕСКЕРТПЕ: Кеңестер мен ақпараттар береді.

Қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы нұсқаулар

- Ешбір жағдайда сұйықтықты шаңсорғыштамаңыз.
- Тек шаң мен ұсақ үгінділерді ғана шасорғыштаңыз және ешбір жағдайда өткір заттарды немесе ыстық күлді шаңсорғыштамаңыз.

Аспапты пайдалануға дайындау

Қабырғаға монтаждау

Вингілер мен дюбельдер арқылы ұстағышты қабырғаға бекітіп қоюға болады.

Ұстағыш тесіктері арасындағы қашықтықты қарсы жағынан өлшеп алыңыз. Қабырғадағы бұрғылау орнында қандай ма бір сымдардың болмауын тексеріңіз! Өлшенген қашықтықта тесіктерді бұрғылаңыз.

Аккумуляторларды қосымша зарядтау

Ашаны ұйғарымға сәйкес орнатылған 230 В, 50 Гц желілік кернеуі бар тұйықтандырылған розеткаға қосыңыз. Шаңсорғышты қабырға кронштейніне тұтқасын төмен қаратып қойыңыз. Қосымша зарядтаудың жарық индикаторы жанады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:
- Аккумуляторлардың қосымша зарядтау уақаты шамамен 13 сағатты құрайды.
- Осыдан кейін жарық адаптерін розеткадан суырып алыңыз.

Аспаппен жұмыс істеу реті

- Аспапты желіден ажыратыңыз және шүмекке қажетті қондырманы кигізіңіз.
- Шаңсорғышты қосу үшін сөндіргішке (ON/OFF) басыңыз.
- Аккумуляторларды пайдалану аяқталған болса немесе заряды аяқталса, "Аккумуляторларды қосымша зарядтау" тарауында сипатталғандай шаңсорғышты қайта зарядтауға қойыңыз.

ЕСКЕРТПЕ:
Желі адаптерінің ашасы розеткаға салынғанын тексеріңіз.

Қондырмалар

Шүмек-қылшақ Үлкен беттерден шаңды кетіруге арналған Жіңішке шүмек Автомашина салоны үшін өте қолайлы

Аспапты тазалау

- Аспапты тазартудың алдында ашаны розеткадан шығарыңыз!
- Аспап корпусын шүберекпен сүртіңіз.
- Шаңсорғыш көпреттік жуылатын сүзгімен жабдықталғандықтан, жаңа артық сүзгі сатып алу шығыны қажет болмайды.
- Шаңжинағыш бөлікті ашыңыз, ол үшін бұғаттаудан шығару батырмасын басыңыз. Шаңжинағышты шығарып алыңыз.
- Шаңжинағыш-қапшықты шығарыңыз және оны қағып жіберіңіз. Көп реттік тазартудан кейін оны сумен жуып жіберіге болады. Оны мұқият кптіруді ұмытпаңыз.
- Шаңжинағышты орнына қайта қойыңыз және басып қалыңыз.

Техникалық мәліметтері

Моделі:..... CB 967
Электр қуаттандыруы: .....220-240 В, 50-60 Гц
Тұтынатын қуаты:..... 2 ватт
Аккумулятор: .....3 X 1,2 В, 1400 ватт
Зарядтау уақыты:..... 13 сағат
Таза салмағы:..... 0,85 кг

Осы бұйым барлық қажетті және CE директивасымен ұйғарылған, мысалы, электрмагниттік үйлесімділікке және төмен вольтті техникаға қойылатын талаптарға сәйкестілікке бағытталған белсенді тексерулерден өтті, сондай-ақ ол қауіпсіздік техникасына қойылатын соңғы талаптардың есебімен конструкцияланып, жасалды.

Біз техникалық өзгерістерге деген құқықты өзімізге қалдырамыз!